

**М.Өтемісов атындағы Батыс  
Қазақстан университеті  
ғылыми кеңесінің  
№10 ХАТТАМАСЫ  
19 маусым 2026 ж.**

**Западно-Казахстанский  
университет им. М.Утемисова  
заседание ученого совета  
ПРОТОКОЛ №10  
19 июня 2026 г.**

**Өткен орны: 205-мәжіліс залы**

**Кеңес төрағасы – Н.Х.Серғалиев**

**Ғылыми хатшы - А.С. Ниетова**

**Қатысқандар: ғылыми кеңестің 16 мүшесі**

**Қатыспағандар: ғылыми кеңестің 5 мүшесі (себепті)**

**Шақырылғандар: бөлім жетекшілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, кафедра меңгерушілері**

#### **КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. 2025-2026 оқу жылындағы қорытынды аттестаттаудың нәтижесі туралы. *Қорытынды аттестаттау комиссиясының төрағалары*
2. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің 2025-2026 оқу жылындағы жұмысы туралы есеп. *А.С.Ниетова -ғылыми хатшы*
3. Ағымдағы мәселелер
  - 3.1. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізілімінен білім беру бағдарламаларын алып тастау туралы. *Б.Ж.Джангазиева - білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі*
  - 3.2. 2026-2027 оқу жылына магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларының пререквизиттерін бекіту туралы. *Ә.М. Хамидуллина – ғылым және жоо–дан кейінгі дайындық бөлімінің сектор меңгерушісі*
  - 3.3. «Отбасы банк» АҚ жас ғалымдарға несие берудің 2023-2027 жылдарға арналған бағдарламасына қатысатын үміткерді бекіту туралы. *Д.Ж.Кишиева – жаратылыстану-география факультеті деканының орынбасары*
  - 3.4. Магистранттардың курстан курсқа көшу GPA деңгейіне қойылатын талапты алып тастау туралы. *Э.М. Кдиргужина - тіркеу офисінің жетекшісі*

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының 2025-2026 оқу жылындағы қорытынды аттестаттаудың нәтижесі туралы және «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан комиссиясы төрағаларының есептері тыңдалды (есеп мәтіндері тіркелді).

## СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогика факультетінің деканы Г.А. Ерғалиева, филология факультетінің деканы А.А. Ақболатов, тарих, экономика құқық факультеті деканының м.а. А.Ш. Журасова, жаратылыстану-география факультеті деканының орынбасары Д.Ж. Киішева, физика-математика факультеті деканының м.а. А.Н. Есенғалиева, мәдениет және өнер факультеті деканының м.а. Қ.Р. Қажымова-лар өз факультеттеріндегі қорытынды аттестаттау нәтижесі жөнінде қысқаша ақпарат берді (ақпарат мәтіндері тіркелді).

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С. Қайсағалиева – диплом жұмысы/жобасына немесе магистрлік диссертацияларды орындау нәтижесінде оқу-әдістемелік басылымдарға авторлық куәліктер алуға тапсырма берілді қай факультетте қанша жұмысқа авторлық куәлік алынды?

Педагогика факультетінің деканы Г.А. Ерғалиева - - «Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту педагогикасы» БББ-ның 2 студенті электронды оқу құралына, 1 студенті оқу құралына, «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ 1 магистранты оқу-әдістемелік құралға авторлық құқық алды.

Тарих, экономика құқық факультеті деканының м.а. А.Ш. Журасова - «Құқықтану» БББ 1 студенті әдебиет құралына авторлық құқық алды, «Есеп және аудит» БББ 1 студенті, «Экономика және менеджмент» БББ 1 студенті авторлық құқық алуға құжаттарын тапсырып қойды.

Физика-математика факультеті деканының м.а. А.Н. Есенғалиева - «Информатика» БББ 1 студенті, «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» БББ 4-курсының 4 студенті, «Информатика және робототехника» БББ 4 студенті, «Ақпараттық жүйелер» БББ 1 студенті компьютерлік бағдарламаға, «Физика-Информатика» БББ 5 студенті электронды әдістемелік нұсқаулыққа, «Физика» БББ 2 магистранты 1 веб-платформа, 1 зертханалық жұмыстар жинағына, «Математика» БББ 1 магистранты элективті курсқа, «Информатика БББ 1 магистранты оқу-әдістемелік жинаққа авторлық құқық алды.

Филология факультетінің деканы А.А. Ақболатов - - «Шет тілі: екі шет тілі» БББ 1 студенті әдістемелік нұсқаулыққа, 3 магистранты РОӘК грифімен басылымға ұсынылған екі оқу құралына, 9 магистранты үш электронды оқу құралына авторлық құқық алды.

Жаратылыстану-география факультеті деканының орынбасары Д.Ж. Киішева - «Биология-География» БББ 1 студенті бағдарламалық қамтамасыз етуге, 2 студенті әдістемелік нұсқаулыққа, «Биология» БББ 1 студенті әдістемелік нұсқаулыққа, «Химия» БББ 1 студенті әдістемелік нұсқаулық; авторлық құқық алды.

Мәдениет және өнер факультеті деканының м.а. Қ.Р. Қажымова – біздің факультетте авторлық құқық алынбады.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев мәдениет және өнер факультеті деканының м.а. Қ.Р. Қажымоваға диплом жұмысы мен магистрлік диссертация нәтижесінде авторлық құқық алуға тапсырма берілгеннен кейін оның орындалуы міндетті екенін ескертіп, осы факультеттің қорытынды аттестаттау комиссия-

сы төрағаларының бірі студенттердің теориялық дайындығына көңіл бөлу керектігін айтқанына, сондай-ақ комиссия төрағаларының есебінде жыл сайын студенттерді республикалық және халықаралық байқауларға, фестивальдерге қатыстыру жайлы ұсыныс берілетініне, алайда университет тарапынан студенттердің шығармашылық байқаулардың қайсысына болсын қатысуына ешқашан кедергі келтірілмегеніне назар аударып, осы сияқты жалпылама ұсыныстардың қай білім беру бағдарламасында да кездесетініне, сондықтан академиялық кеңес, факультет декандары қорытында аттестаттау комиссиясы төрағаларының ұсыныстарын жинақтап қарастыру керектігін, диплом жұмысы/жобасын жазуға студенттерді 2-3-курстардан бастап, ғылыми конференцияларға, жобалар жарысына қатыстырып, мақала жазуға баулып алдын ала дайындау қажеттігін, комиссия төрағаларының студенттер мен магистранттардың Комитет ұсынатын ғылыми басылымдар мен жоғары рейтингілік басылымдарда бірлескен ғылыми мақала жариялауы, ғылыми жұмыспен айналысатын студенттердің болашақта қорытынды аттестаттаудан өту нысаны ретінде диплом жобасын қорғауы, «Шет тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламасында магистрлік диссертацияға рецензент ретінде шетелдік ғалымдарды тарту жайлы ұсыныстардың дұрыстығын атап көрсетіп, факультет декандарының өз ақпараттарында тек қанша студент бітіргені ғана айтылғанын, ал оқу жылының басында қанша студент болды, 1-семестрдің нәтижесінде қанша студент оқудан шығарылғаны жайлы бірде бір мәлімет берілмегенін, алдағы уақытта қорытынды аттестаттау есебінде осыған ерекше мән беруді, магистрлік диссертация зерттеу жұмысы болғандықтан оған авторлық құқық алынуы керектігін ескертіп, академиялық мәселелер бойынша проректорға декандармен бірге төрағалардың барлық ұсыныстарын екшеп нақты қаулы жобасын жасауды тапсырды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

1. 2025-2026 оқу жылындағы қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағаларының есептері бекітілсін.
2. 2025-2026 оқу жылындағы «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан комиссиясы төрағаларының есептері бекітілсін.
3. Білім алушылардың теориялық білімдерін нақты практикалық жағдайларда қолдану қабілетін бағалауға бағытталған кейс-тапсырмалар мен практикалық бағыттағы кешенді емтихан тапсырмалары әзірленсін.

**Жауапты:** БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, факультет декандары

**Мерзімі:** ақпан-наурыз, 2027 жыл

**Аяқталу түрі:** бекітілген кешенді емтихан тапсырмалары

4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары мемлекеттік және өңірлік даму басымдықтарына сәйкес айқындалып, олардың өзектілігі еңбек нарығы талаптарымен үйлестірілсін.

**Жауапты:** БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, факультет декандары, ғылым және ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі, академиялық қызмет департаментінің директоры

**Мерзімі:** қыркүйек-қазан, 2026 жыл

**Аяқталу түрі:** бекітілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары

5. Диплом жұмыстары/жобалардың және магистрлік диссертациялардың тақырыптарын айқындауда цифрландыру, тұрақты даму, деректерді талдау, жасанды интеллект және заманауи басқару технологиялары сияқты ұзақ мерзімді даму үрдістері ескерілсін.

**Жауапты:** ғылыми жетекшілер, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, факультет декандары, ғылым және ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі, академиялық қызмет департаментінің директоры

**Мерзімі:** қыркүйек-қазан, 2026 жыл

**Аяқталу түрі:** бекітілген диплом жұмыстарының/жобалардың және магистрлік диссертациялардың тақырыптары

6. Ғылыми жаңалығы бар диплом жұмыстары/жобалар мен магистрлік диссертация нәтижелеріне авторлық құқық куәліктерін алу тетіктері жетілдіріліп, білім алушыларға авторлық құқықты ресімдеу жөнінде оқыту семинарлары ұйымдастырылсын.

**Жауапты:** ғылым және ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі, ғылыми жетекшілер, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, факультет декандары

**Мерзімі:** ақпан-сәуір, 2027 жыл

**Аяқталу түрі:** оқыту хаттамалары

7. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу белсенділігін арттыру мақсатында олардың халықаралық және республикалық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндіктері кеңейтіліп, ғылыми мақалаларын Комитет ұсынған және халықаралық рецензияланатын рейтингілік журналдарда жариялауына қолдау көрсетіліп, қорытынды бағалау жүйесінде білім алушылардың ғылыми жарияланымдары мен зерттеу қызметіне қатысу нәтижелері ескерілсін.

**Жауапты:** ғылым және ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі, ғылыми жетекшілер, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, факультет декандары

**Мерзімі:** 2026-2027 оқу жылы бойына

**Аяқталу түрі:** білім алушылардың жарияланған ғылыми мақалалары

8. Білім алушылардың инновациялық белсенділіктерін арттыру мақсатында диплом жұмыстарын жобалық өнім түрінде орындау тәжірибесі енгізіліп, барлық білім беру бағдарламаларында алынған нәтижелерге авторлық құқық куәліктерін ресімдеу жұмыстары ұйымдастырылсын.

**Жауапты:** ғылым және ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі, ғылыми жетекшілер, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, факультет декандары, академиялық қызмет департаментінің директоры

**Мерзімі:** наурыз-мамыр, 2027 жыл

**Аяқталу түрі:** алынған авторлық куәліктер

9. Шет тіліндегі магистрлік диссертацияларға рецензент ретінде шетелдік ғалымдарды тарту тәжірибесі енгізілсін.

**Жауапты:** ғылыми жетекшілер, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, факультет декандары, ғылым және ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі

**Мерзімі:** қаңтар, мамыр, 2027 жыл

**Аяқталу түрі:** рецензеттерді бекіту туралы бұйрық

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ғылыми хатшы А.С.Ниетованың 2025-2026 оқу жылындағы ғылыми кеңестің жұмысы туралы есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

#### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев кей оқу басылымдарының талапқа сай келмеуі РОӘК-те оқу басылымдарын рецензиялаудың ақылы болуына алып келгенін, рецензиялау ақысы ережеге сәйкес өтініш беруші не басқа да мүдделі заңды және жеке тұлғалардың қаражаты есебінен төленетін болса, университеттің бұл қаражатты төлеуге дайын екенін, алайда оқу басылымы ОӘБ сарапшыларының қарауынан кейін өтпей қалған жағдайда ол қаражатты кім қайтаратынын айтып, қазір университетте қолданылып отырған халықаралық рецензиялатын басылымдарда мақала жариялаған ПОҚ сыйақы берілетіні сияқты жасауды, қазірден бастап тиісті жұмысты жасап, қыркүйекте нақты бекітуді ұсынып, қаулы жобасындағы орындалмаған ғылыми кеңес шешімдерін орындауға жауапты тұлғаларға аталған шешімдерді аяқтауға үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейін уақыт берілетінін әкімшілік бөлім арқылы жазбаша түрде ескертуді тапсырды.

Ғылыми кеңес мүшелері қаулы жобасы мен ұсынысты дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

1. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің 2025-2026 оқу жылындағы жұмысының есебі бекітілсін.
2. Орындалмаған ғылыми кеңес шешімдерін орындауға жауапты тұлғаларға ескерту жасалып, 2026 жылдың 1 қазанына дейін ғылыми кеңес шешімдерін орындау міндеттелсін.

**Жауапты:** факультет декандары, құзіреттілік орталығының жетекшісі, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры, департамент директорлары, орталық, бөлім, офис, комитет жетекшілері, басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор

**Мерзімі:** 1 қазан 2026 ж.

**Аяқталу түрі:** 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында орындалмаған ғылыми кеңес шешімдерінің орындалу туралы ақпарат

## Ағымдағы мәселелер

### ТЫҢДАЛДЫ:

Білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі Б.Ж.Джангазиева ғылыми кеңес мүшелерінен университеттің білім беру бағдарламалары портфелін өзектендіру мақсатында, соңғы жылдары 6B01506 Информатика, 6B02113 Аспаптық орындау: ішекті аспаптар, 6B02114 Аспаптық орындау: үрмелі аспаптар, 6B02115 Аспаптық орындау: фортепиано, 6B02116 Дәстүрлі музыка өнері: халық әні, 6B02117 Дәстүрлі-музыкалық өнер: халық аспаптары білім беру бағдарламаларында білім алушылар контингенті болмауына байланысты, осы бағдарламаларды меңгеріп жатқан білім алушылар оқуын аяқтап, дипломдарын алғаннан кейін аталған білім беру бағдарламаларын Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламалары тізілімінен алып тастауға рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

### ҚАУЛЫ:

Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізілімінен төмендегі білім беру бағдарламаларын алып тастау жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін:

1. 6B01506 Информатика;
2. 6B02113 Аспаптық орындау: ішекті аспаптар
3. 6B02114 Аспаптық орындау: үрмелі аспаптар
4. 6B02115 Аспаптық орындау: фортепиано
5. 6B02116 Дәстүрлі музыка өнері: халық әні
6. 6B02117 Дәстүрлі-музыкалық өнер: халық аспаптары

### ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылым және жоо-дан кейінгі дайындық бөлімінің сектор меңгерушісі Ә.М. Хамидуллина ғылыми кеңес мүшелерінен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 48 және 67-тармақтарына» сәйкес 2026-2027 оқу жылында магистратура мен докторантураға қабылданытын білім алушыларға білім беру бағдарламаларын игеру үшін факультеттерде талданып ұсынылған пән айырмашылығын тапсыру пререквизиттерінің тізбесін бекітуді және пән айырмашылығын тапсыруды талапкер есебінен ақылы түрде жүргізуге рұқсат беруді сұрады (пререквизиттер тізімі тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

### ҚАУЛЫ:

1. 2026-2027 оқу жылына магистратура білім беру бағдарламаларының пререквизиттері бекітілсін.

2. Магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларына пән айырмашылығын тапсыру талапкер есебінен ақылы түрде жүргізілсін.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Жаратылыстану-география факультеті деканының орынбасары Д.Ж. Киішева биология, химия ғылымдары және қоршаған орта білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр, сонымен қатар BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» тақырыбындағы 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған ғылыми зерттеу жобасының ғылыми қызметкері Халелова Рысты Алтаевнаның Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ҚР Ғылым және жоғары білім министрі және «Отбасы банк» АҚ-ның басқарма төрайымы арасында жас ғалымдарға несие берудің 2023-2027 жылдарға арналған бағдарламасы (Банк қаражаты есебінен) бойынша ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру үшін «Отбасы банк» АҚ 2023 жылғы 1 желтоқсанда аталған несие берудің бағдарламасына қатысуы үшін университеттің консультативтік-кеңесші органының отырысында талқыланып, хаттама берілуі керек болғандықтан ғылыми кеңестің үміткерді қолдауын сұрады (құжаттары тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр Халелова Рысты Алтаевна «Отбасы банк» АҚ жас ғалымдарға несие берудің 2023-2027 жылдарға арналған бағдарламасына қатысуға ұсынылсын.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

Тіркеу офисінің жетекшісі Э.М. Кдиргужина ғылыми кеңес мүшелерінен магистратураның білім беру ерекшеліктері мен ғылыми-зерттеу қызметінің басымдығын ескере отырып, магистранттардың академиялық жетістіктері GPA көрсеткішімен ғана шектелмей, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі, ғылыми жарияланымдары, тағылымдамалары және өзге де академиялық жетістіктерімен кешенді бағаланатынын назарға алып, университеттің ішкі нормативтік құжаттарына тиісті өзгерістер енгізу арқылы магистранттардың 2025-2026 оқу жылынан бастап, курстан курсқа көшуі кезінде GPA деңгейіне қойылатын талапты алып тастауға рұқсат беруді сұрады.

#### СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С. Қайсағалиева магистранттар аралық аттестаттауды «жақсы» бағаға тапсырғанның өзінде де GPA көрсеткіштері курстан курсқа көшіруге жетпей қалып жататынын атап көр-

сетіп, сонымен қатар магистратураның білім беру ерекшеліктерін және қолданыстағы академиялық тәжірибелерді талдау нәтижелерін ескере отырып, магистранттардың курстан курсқа көшуін тек GPA көрсеткіші негізінде емес, оқу жоспарын меңгеру деңгейін, академиялық қарыздарының болмауын, ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуын, тағылымдамадан өту нәтижелерін және жеке оқу жоспары талаптарының орындалуын кешенді бағалау негізінде жүзеге асыруға болатынын айтты.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

#### ҚАУЛЫ:

2025-2026 оқу жылынан бастап университеттің ішкі нормативтік құжаттарына тиісті өзгерістер енгізе отырып, магистранттардың курстан курсқа көшу GPA деңгейіне қойылатын талап алынып тасталсын.

**Кенес төрағасы:**



**Н.Х.Серғалиев**

**Ғылыми хатшы:**



**А.С.Ниетова**

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің  
2025 – 2026 оқу жылындағы**

**қатысу парағы**

**19.06.2026 ж.**

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	<i>серғалиев</i>
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	<i>рысбеков</i>
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	<i>каши</i>
4.	Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	<i>себен</i>
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	<i>сүлейменов</i>
6.	Бекжанова Жадыра Мұратқызы	БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы	<i>БЖ</i>
7.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	<i>Хусаинов</i>
8.	Ниетова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	<i>Ниетова</i>
9.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	<i>себар</i>
10.	Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы	физика-математика факультеті деканының м.а.	<i>Есенғалиева</i>
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	<i>себен</i>
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	<i>Ерғалиева</i>
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	<i>каши</i>
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	<i>Ақболатов</i>
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	<i>Испулова</i>
16.	Искакова Балым Габбасқызы	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент	<i>Искакова</i>
17.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	<i>Қыдыршаев</i>
18.	Кульжумиева Айман Амангелдіқызы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)	<i>Кульжумиева</i>
19.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	<i>себен</i>
20.	Ибатова Айнара Айтқалиқызы	музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты	<i>Ибатова</i>
21.	Нұрболат Нұржол Ерланұлы	физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор	<i>Нұрболат</i>